

Elorda Aqparat . - 2019. - 7 қараша

Елордада қазіргі заманғы бухгалтерлік мамандық жөнінде конференция өтті

Бүгін С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-да «Қазіргі заманғы бухгалтер мамандығы: талаптар мен трендтер» атты конференция өтті, деп хабарлайды [Елорда Инфо](#).

Шараны ҚР Қаржы министрлігінің қолдауымен ҚазАТУ және Кәсіби бухгалтерлер лигасы, «KAINAR» жоғары кәсіби білім беру мектебі бірлесіп ұйымдастырды.

Конференцияға 70-тен аса Қазақстан Республикасының кәсіби бухгалтерлері, университеттің әр жылдардағы түлектері, халықаралық сарапшылар, С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қаржы академиясының экономика факультетінің оқытушылары қатысты. «Кәсіби бухгалтерлер Лигасы» БҚҰ Басқармасының Төрағасы Венера Алиева мен С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ дың басқарма төрағасының орынбасары Қайрат Айтуғанов және «KAINAR» кәсіби дайындықтың жоғары мектебінің» директоры Гүлнар Бекенова бүгінгі бухгалтерлік біліктіліктің маңыздылығы мен қоғамның барлық саласындағы орыны туралы тың мағлұматтарымен бөлісті.

«Маман даярлап шығару – маңызды шаруа. Бірақ сол маманның ертең қоғам үшін маңыздылығы бізді толғандыруы тиіс. Ертең біз өзімізден шыққан мамандардың біліктілігін арттырып отыруды қолға алуымыз керек. Себебі заман тез өзгеріп жатыр. Бүгінгі мамандарды ертең міндетті түрде қайта даярлап үнемі біліктілігін арттыруды да ұмытпаған абзал. Ол үшін сапалы білім ордалары тынбай қызмет жасауы керек», – деді Қайрат Айтуғанов өз сөзінде.

Конференцияда бухгалтерлік кәсіптің болашағы мен халықаралық тенденциясы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы әкімшілік жауапкершілік, басқарушылық шешімдер қабылдау мәселелері және ҚазАТУ-да бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы мамандарды даярлаудың өзекті мәселелері талқыланды.

Шара соңында кәсіби бухгалтерлерлерге арнайы сертификаттар табысталды.